

ҒТАХР 14.07.07

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕГІ ТАРИХИ ЖАДЫ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗІ РЕТІНДЕ

М.Т. Құдагелдин¹, Е.Ә. Абылқасымов²

¹ 6D010300-Педагогика және психология мамандығының докторанты

² PhD (педагогика) докторы

¹ Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан

² Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей, Қазақстан
email: kudageldin@gmail.com

Мақалада тарихи жады мен патриотизмнің өзара байланысы қарастырылған. Сонымен бірге, авторлар қоғамның бірігуіндегі тарихи жадының орны және білім беру арқылы патриотизмді қалыптастырудағы тарихи жадының маңыздылығы мәселесін көтереді. Мақалада әлеуметтік-гуманитарлық пәндер негізінде берілетін жады педагогикасындағы педагогикалық ұстанымдар атап өтіледі. Тиісті мақсатқа жету барысында патриотизм көзі ретінде тарихи жадының орны қарастырылған. Авторлар мақала аясында аталмыш мәселенің толыққанды шешілгендігін көрсетуге ұмтылмайды.

Түйін сөздер: тарихи жады; патриотизм; мәдени бірегейлік; өткеннің образы; тарихи білім

Қазіргі қазақстандық қоғамның және білім беру саласының барлық сферасында жастар саяси манипуляцияға, криминал, радикалды және діни экстермистік топтардың объектісіне айналу қаупі жоғары кезде олардың әлеуметтену дағдарысы мен инкультурациясына жол бермеу басты мақсаттың бірі болып табылады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде қандай-да бір қоғам мүшелерінің тарихи санасы негізінде қалыптасқан әлеуметтік тәжірбиенің көрінісі ретінде позитивті патриотизм мен мәдениетаралық қарым-қатынастың белсенділігі мәселенің көкейкестілігін арттыра түседі. Осыған орай отансүйгіштік пен мәдениетаралық коммуникацияның қалыптасуына белсенді ықпал ететін көз ретінде тарихи сананы қарастыру қажеттілігі туындайды.

Тарих азаматтық-патриоттық тәрбие көзі ретінде жастар тарапынан қызығушылық туғызады. Бұл қызығушылыққа білім беру мекемелеріндегі тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің мазмұны мен оқытылу сапасы, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік институттардың тарих жөніндегі әралуан бағытта қиыншылықтар келтіріледі. Тарихи мифтер мен «ұлттық артықшылықтардың» насихатталуы тарихи жайтты, оқиғаны, тұлғаны бір бағытта қарастырып тарихи жадыны өзгертеді. Ондай мифтік шығармашылық жалған ақпараттар құрылымына «сеніп» жастар арасында ксенофобия мен жатсынуды тудырып, өзгелердің құқығын бұзумен қатар сыни тұрғыдан ойлауларына кедергі келтіре отыра, «ура-патриотизмге» және мәдени коммуникацияларына бөгет болады.

Педагогикалық сараптама көрсетіп отырғандай жастарға патриоттық тәрбие беру мазмұнын әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер мен ашық әлемдегі жаһандану үдерісі сияқты өзге де қоғамымыздағы өзгерістерге сай қайта қарастыруды талап етіп отыр. Себебі, патриотизм мен мәдениетаралық коммуникация қоғамның бірлігі мен тиімді еларалық қатынас негізі болып табылады.

Осы мәселеде америкалық кей ғалымдар патриотизмге негізделген мазмұндағы білім беру тарихи, әлеуметтік және саяси тұрғыда маңызды деп санаса, кей пікірлер азамат тәрбиелеудегі аса маңызды негіздеме емес деп қарастырады. Бұл мәселенің өзектілігі патриотизм мен білім берудің қатынасы жөнінде пікірталас философ, саясаткерлер мен педагогтар арасында патриотизмді білім беру жүйесінде насихаттау қаншалықты дұрыс, деген сұраққа саяды.

Мысалы, Иммонн Каллан (Eamonn Callan) (1994, 1997) патриотизм - азаматтық ізгілік көзі, себебі ол өзгелер үшін өзін құрбан етуге даяр азаматтар дайындайтын ынталандырушы көз. Сол себепті, патриотизм либералды-демократиялық білім берудің заңды мақсаты болуы керек деп есептейді [1]. 2001 жылдың қарашасында Дүниежүзілік сауда орталығына жасалынған террорлық

актіге екі ай толмастан Небраска штатының (АҚШ) білім беру жөніндегі мемлекеттік кеңесі Небраска штатындағы американизм туралы 1949 жылғы заңға сәйкес жоғары мектептердегі қоғамдық пәндердің мазмұнын анықтайтын патриотизм туралы заң жобасын бекітті.

Заң жобасына сәйкес қоғамдық ғылымдар өз мазмұнында «АҚШ басқару нысанының артықшылығын, коммунизм мен өзге ұқсас идеологиялардың қауіптілігі, азаматтық міндеттер мен тиісті патриоттық тәрбие жөнінде нұсқаулықтар енгізуді» қарастырды. Кеңес сонымен бірге орта мектепте оқыту «селге деген махаббатты дағдыландыру» және қоғамдық ғылымдар бойынша оқу бағдарламалары «америкалық батырлардың ерлігін, патриоттық әндер айту» мен «Star Spangled Banner» мен «Американы» айту және «Туға құрмет көрсетуді» насихаттау керектігін көрсетті.

Бірнеше айдың көлемінде жиырмадан астам штаттың заң шығарушы қауымдастықтары барлық мектептерде патриоттыққа негізделген білім беруді қолдайтын немесе міндеттейтін жаңа заңдар қабылдап немесе ескі заңдарды қайта жаңғыртты [2].

Патриоттық тәрбие беруге қарсы Гарри Брайгхаус (Harry Brighouse, 1996, 2003) патриотизмнің ізгі ниетін жамылып мемлекеттік мектептерге енгізуге болмайды, себебі іс жүзінде патриотизм түсінігі әділеттілік түсінігін көмескілендіруі мүмкін, дейді [3]. Брайгхаус (2003) «шынайы либералды, тіпті залалсыз ұлттық иденттілігі бар, елдердің көбінде патриотизм әділділікті шектейді» деп атап өтті [4].

Патриотизм мен білім беру қатынасы жөнінде пікірталас әлі де жалғасуда [5]. Честер Финн (Chester Finn, АҚШ экс-Президенті Рейган әкімшілігінің білім жөніндегі хатшы көмекші) «Patriotism Revisited,» атты эссесінде 11-қыркүйектегі белгілі жайттан соң «патриотизм мен азаматтық қоғамға емес толеранттылық және мультимәдениетке бағытталған америкалық білім жүйесі былыққа батты», ол «Американы мақтан тұту мен қорғауға емес құлдыратуға әкеледі», деді [6].

Бұл пікірмен Уиллиам Дамон (William Damon) келісе отыра, «Бүгінде көптеген студенттер біздің қоғамның моральдық табыстары туралы ештеме білместен оқуда. Азаматтыққа үйрету үшін мектептер біздің демократияны қорғауға жетерліктей позитивтен бастаулары тиіс» өйткені «Мектеп барлық фактілерге негізделген және патриотизм рухынан қуаттанған ниетті дамытуы керек» десе, өзге педагогтар бұл мәселеге жоғарыда аталған тұлғалардан өзгеше қарайды.

Кей педагогтар АҚШ-ағы мектеп білімі пен жастар арасында патриотизмнің жоқтығына алаңдағанша патриотизмді перде қылып жекелеген азаматтар мен үкіметтің саяси әрекеттеріне сын айтушыларға қысым жасау жүріп жатқанын, сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықты талап ететін жаһандық мәселелердің артуын алға тартады. Патриотизмге қарағанда жаһандық адамзат мәселесі мен халықаралық адам құқықтары қағидаттарына сүйену қажеттігіне акцент жасайды [7].

Біздің ойымызша Нью-Йорктағы террорлық актіге байланысты патриотизмді күшейту өз кезегінде Құрама Штаттарында исламофобия мен діни, этникалық, нәсілдік жатсынуды да арттырды. Бұл жаһандық коммуникацияда теріс әсерін беруде.

Патриоттық тәрбие беру білім беру жүйесінің міндеті ретінде ҚР «Білім туралы» заңының 11- бабында: «3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» ерекше атап өтіледі [8].

Патриоттық тәрбие оқушылардың (студенттердің) тарихи жадыларының сақталуы мен дамуымен тығыз байланысты. Тарихи жады буынаралық бірізділік пен ұлттық-азаматтық бірегейліктің өзегі болып табылады.

Тарихты бұрмалау, этноорталық ұстанымдар, өткенді эмоционалды бағалау, тарихи мифтер мен стереотиптерге сүйену тарихи сананы өзгертіп мәдениетаралық қатынастарды бұзады.

Ресейлік ғалым П. Г. Постников тарихи сананы тарихи өткенге қатысты бағдарлаудың персоналды тәсілі ретінде қарастырады. Аталмыш тәсіл когнитивтік, операциялық-әрекеттік және құндылық-мәндік құрылымдардан тұрады. Мұнда тарихи фактілерді, оқиғалары, даталар мен есімдерді, терминдерді білу когнитивтік құрылымды құрайды. Тарихи сараптама мен түсіндіру элементтерін меңгеру (себеп-салдар байланысын, салыстыру, оқиғаның мәнін айқындау) мен тарихи білімді тарихи көздерден ала білуі және жаңа ситуацияларда тарихи білімді қолдана алуы операциялық-әрекеттік қырын көрсетеді. Құндылық-мәндік құрылым тарихи құбылыстарды,

тарихи тұлғаларды бағалай білуі және тарихи оқиғаларға, қатысушыларына мәдени мұраларға қатысты өзіндік пікірін негіздеуінен тұрады. Тарихи жәйттарды бағдарлаудың персоналдық тәсілі алынған тарихи білімді нақты өмірде қолдана алу арқылы көрініс береді деп есептейді [9].

Тарихи жадының түзілуі - көпқырлы және күрделі үдеріс. Бір тарихи оқиға түрлі әлеуметтік топтар тарапынан әрқалай бағалануы мүмкін болғандықтан тіпті идеологиялық, идеялық қайшылықтарға да әкеледі. Қазақстанда көптеген диаспоралар мен конфессиялар өкілдері және түрлі саяси режимде дүниеге келген (советтік және постсоветтік) ұрпақ өмір сүретіндіктен ол тарихи жадының қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, тарихи сананың қалыптасуына саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, геосаяси жағдаяттар, идеологиялық ұстанымдар, білім беру мекемелеріндегі қоғамдық пәндерді оқыту сапасы сияқты факторлар да әсер етеді.

Отбасында ата-бабалары, туған жерлері, қазақы ортадағы «жеті ата» институты, шежіренің айтылуы бастапқы тарихи жадыны қалыптастырады. Студенттер арасында 2018-2019 оқу жылында Семей қаласының Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті мен Семей мемлекеттік медицина университеті студенттері арасында өткізілген сауалнамадан көретініміз олардың Кеңес Одағы туралы бастапқы түсініктері ата-аналарының айтуы бойынша қалыптасқан. «Нағыз балмұздақ пен лимонад» және коррупцияның болмауы, тегін білім алу мен медициналық көмектің болуы сияқты отбасындағы ата-ананың жастық кезеңіндегі көріністер мен қазіргі әлеуметтік-экономикалық сипаттар арасындағы қайшылықтардың көрінісінен студенттердің ол кезең туралы ішінара көзқарастарының қалыптасқандығын көруге болады.

Екінші кезеңде, тарихи жадының ғылыми негіздемелері мектепте негізінен тарих курсы арқылы жүреді. Тарих мұғалімі пән арқылы оқушылардың дүниежүзілік тарих кеңістігіндегі еліміздің орнын көрсетіп патриотизм, азаматтық және этносаралық толеранттылық қалыптастырады. Өзге де пәндер (тіл, әдебиет, қоғамтану, дінтану) жады педагогикасының негізін құрай алады.

Тарихи жады білім беру саласындағы пәнаралық негізде қарастырылатын көпқырлы мәселе болып табылады. Мысалы, тарихи жадыны қалыптастыру педагогикасы бейбітшілік пен қауіпсіздік, адам құқығы, мәдени мұра, азаматтық қоғам құру, саяси режим сияқты сұрақтарға да қатысты мәселелерде өзара байланысады. Мысалы, кеңестік кезеңдегі тілге қатысты ұстанымдар мен қазіргі «Үштұғырлы тіл» ұсатынымы арасындағы байланыс арқылы адам құқығы, қазақ тілінің жойылу қаупі мен коммунисттік идеология тарихы туралы ақпараттар беріледі. «Қазақ әдебиеті» пәнінде Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтардың репрессия құрбандары болуы оқушыларды олардың шығармашылығынан өзге тоталитарлық режимнің ұлт тарихындағы рөлін түйсінуге мүмкіндік береді. 9-сыныпта оқытылатын «Дінтану» сабағы оқушылардың дін тарихы мен олардың өзара үндестігін ұғыну арқылы көп конфессиялық ашық әлемде толерантты мәдени коммуникация жасауларына септігін тигізеді.

Тарихи жадының қалыптасуындағы үшінші сатысында жоғары мектепте Отан мен әлемдік өркениеттің өткенінен тарихи сабақ алып сындарлы (критикалық) ойлауларына оқытушылар негіздеме жасайды. Университет қабырғасында тарихи жадыны қалыптастыруда Отан тарихы, әлеуметтану, саясаттану, философия, дінтану, пән (мамандық) тарихы, этносаралық толеранттылық пәні және тағы басқа да тарих мәселесімен байланысты курстар ерекше рөл атқарады. Осы орайда, жоғары мектепте міндетті пән болып табылатын «Қазақ тілі» курсын шетелдік тәжірбиелер (шетелдік студенттерге арналған «Итальян тілі және мәдениеті», «Поляк тілі және мәдениеті») негізінде «Қазақ тілі және мәдениеті» пәні мазмұнында өткізуді ұсынамыз. Себебі, қазақ тілінде оқитын академиялық топ негізінен моноұлтты (қазақ ұлты) студенттерге қарағанда контингенті көпұлтты орыс (ағылшын) тіліндегі топ студенттері мемлекеттік тілді оның мәдениеті контекстінде үйренуі олардың мәдени коммуникациясы мен біліктіліктерін арттырады деп ойлаймыз.

Осы орайда, жоғары оқу орындарында міндетті пән ретінде бұрынғы «Қазақстан тарихы» пәнінің орнына оқытылатын Қазақстан аумағында XX ғасырдың басынан бастап күні бүгінге дейін орын алған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді, үрдістерді баяндайтын «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсын оқу барысында педагогикалық тәжірбие көрсеткендей, әсіресе, елімізде оқитын шетелдік студенттер арасында Қазақстан советтік және постсоветтік кезең бойынша оқытылуы олардың тарихи санасында еліміздің тарихи образын

біржақты қалыптастырады. Қазақстан Кеңестік биліктің құлауынан пайда болған ел ретінде көрініп, өркениеттер тарихындағы орнының баяндалмауы өз кезегінде шетелдіктердің жергілікті студенттермен, тұрғындармен мәдени қарым-қатынасында кедергі келтіреді. Қазақстанның көне заманнан бергі тарихын оқыту сыни ойлау қабілеті дамыған студенттерге оқыту мектепте алған білімдерін одан әрі дамыта отыра өзге әлеуметтік-гуманитарлық пәндермен бірге олардық азаматтық ұстанымдарын нығайта түсер еді.

Әлбетте, өткен тарих ешқашанда дәл сол түрде қайталанбайды. Оқушылар мен студенттер әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арқылы қарастырылатын үдерістердің тарих контексі негізінде ортақ және айырмашылықтарын ажырата білулеріне оқытушылар көмектесулері тиіс.

Жады педагогикасының тәрбиелеу функциясы тұлға қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Өз ауылының, қаласының, аймағының, Отанының тарихын білу адамның азаматтық болмысын, отансүйгіштігін, ұлттық мақтанышын туғызып, жекелеген тұлғалардың тарихтағы рөлі мен қаһармандардың ерліктеріне, еңбектеріне еліктеу мен сүйсіну оларға ұқсауға үмтылдырады. Адам мен адамзаттың тарихын оқу оның моралдық және адамгершілік қырын да тануға көмектеседі. Оның дамуын білу арқылы ұлттық мәдениет пен жетістіктер көздерінің мазмұны мен барысын көрсетеді. Бұл ұлттық тарихтың адамзат өркениетіндегі орны мен оның дамуына қосқан үлесін айқындауға мүмкіндік береді. ҚР Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында аталмыш мәселелерді ұтымды көрсеткен.

Әлбетте, отандық және дүниежүзілік тарихты оқыту барысында тарихи салыстыру жүреді. Дегенмен, отандық тарихты оқу барысында жалған патриотизмге негізделген ұғымдар тудырмау қажет. Мысалы, Ежелгі Грекия мен Рим тарихындағы экономиканың барлық жүйесінде кеңінен пайдаланылып, тауар ретінде саналған құлдық жүйенің Қазақстан тарихында болмауы ұлттық артықшылық немесе гуманистік көзқарастың жоғарылығынан деп көрсету, ол жайында ақпараттың толыққанды болмауын және тарихи даму ерекшеліктерінің болуын білдіреді. Дегенмен, бұл тарихи жайтты қазіргі балама үдеріспен салыстыру оқушылар мен студенттердің азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға позитивті әсер етеді. Құлдық жүйедегі адамдарды тегін эксплуатациялау көрінісін қазіргі уақыттағы өндірісте немесе ауылшаруашылығында арзан жұмыс күші ретінде адамдарды, балаларды және мигранттарды пайдаланатындығын көрсету арқылы адам құқығын сыйлау мен азаматтық ұстанымдарын дамытуға болады.

Тарихы сананы қалыптастыру педагогикасы білімнің басқа көздерінен мәліметтер алып қана қоймай, өздігінен тәрбиелеуде, тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда маңыздылығын көрсетеді. Бұдан өнер, дәстүр, әдебиет, тарих, дін, құқық, мәдениет, саясат және өзге де қоғамдық сана нысандарынан алынған педагогикалық аргументациялар кеңінен қолданылады.

Тарихи жады дегеніміз не? Аталмыш терминнің бірнеше анықтамасы бар. Дегенмен, оларды біріктіретін түйін қоғамдық субъектілердің өткен тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар, қаһармандар, әдет-ғұрып, дәстүр мен халықтың даму тарихындағы жолдар туралы нарративтерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу тәсілі болып табылады.

Тарихи жадының рухани және эмоционалды әлеуеті ұлттық мәдени код ретінде тарихи дискурстың өзегіне айналып, отансүйгіштік сананы қалыптастырады.

Әлеуметтік-педагогикалық мәнде отансүйгіштік тұлғаның Отанға деген қатынасын құндылық қатынасының көрсеткіш объектісі ретінде көрініс беретін әлеуметтік-адамгершілік құндылық ретінде қарастырылады. Мұнда патриотизм қоғамдық сананың құбылысы ретінде нақтылық ретінде емес оның орындалуын талап ете отыра баға беруінен көрінеді.

Психологиялық-педагогикалық аспектіде патриотизм тұлғаның адамдарға, қоғамға, еңбек пен өзге әрекеттерге, материалдық құндылықтарға және өзара байланысты қатынастардан тұратын жүйе жүзеге асыру барысындағы күрделі, көпқырлы интегралды сапа [10; 28-29].

Студенттер мен оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу барысында білім беру үдерісінде төмендегідей шарттарды ескеру олардың тарихи санасын қалыптастыруда тиімді әсер береді:

1. Өткенді объективті және жан-жақты оқыту. Патриоттық тәрбиедегі жалған және саяси мифке негізделген тарихи білім туған тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілігіне, өз елі мен барша адамзаттың тарихи мұрасын сақтау мен байытуға ешқандай позитивті үлес қоспайды.

2. Отан тарихын және/немесе әдебиет тарихын оқыту барысында өткен күндер мен бүгінгінің арасындағы логиканы бұзбау қажет. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің коммунистік идеяларға негізделген «Советстан» және өзге де шығармаларына бола оны ұлтқа қарсы тұлға

ретінде бағалау, тиісінше қазақ әдебиетіндегі орнын төмендету тарихи тұрғыда әділетті емес немесе, Әбілқайыр ханның Ресеймен одақтас болуға ұмытылысын тек сатқындық деп қарау-тарихи шындықтан алшақтау болып табылады. Тарихи дамудың қандай да бір кезеңінің үдерісін сараптамастан өткенге бүгінгінің көзқарасымен қарау мүмкін емес.

3. Патриоттық тәрбиені объективті тарихи оптимизм негізінде жүзеге асыру لازم. Қазақ және әлем тарихында мыңдаған жылдар бойы соғыстар жүрді. Дегенмен де, сол уақыт аралығында адамдар бейбіт келісімге де келді. Достық, ынтымақтастық, мәмілеге келу - соғыстан да күшті құрал. Арабтармен соғыс, кейін олармен бірігіп қытайларды жеңу тарихы және Абылайдың тұсындағы әскери қақтығыста қытайлармен келісімге келу, кейіннен өзара сауда-саттық жасасу; жоңғарлармен құдандалы болу; Бұхара медіреселерінде қазақ зиялыларының оқуы; қан құйлы I және II дүниежүзілік соғыстан кейінгі адамзат дамуына зор ықпал еткен 1948-жылы 10 желтоқсанда Адам құқығының жалпыға ортақ Декларациясының қабылдануы адамзатқа қарсы қылмысқа баға беруші және тарихтан сабақ алудың көрсеткіші болып табылады. Әлбетте, оптимистік тарих голливудтық хэппи-эндке айналмай тарихи шындыққа негізделген мәліметтерге сүйене отыра баяндалуы тиіс.

4. Тарихи жайттарды немесе әдеби шығарманы оқу барысында жекелеген тұлғалардың рөліне аса зор мән берген дұрыс. Тарихи тұлғалардың ішкі әлемі, құндылықтары, Отан туралы түсініктері өзін-өзі тәрбиелеуі және ортасы, яғни, ұлттық танымдар негізінде қалыптасатындығына педагогтар назар аударуы қажет. Аңырақай соғысы мен Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың, Қабанбай мен Бауыржан Момышұлының арасындағы тарихи және рухани байланысты көрсету арқылы қазіргі жастардың коммуникация кеңістігі образдар мен имиджден тұратындығын да ескереміз. Тиісінше тарихи образдар мен имидж позитивке негізделген патриотизмді тарихи тұлғалар арқылы құруға көмектеседі.

Патриотизм әрдайым құндылық және қоғамдық дамудың ресурсы ретінде көрініс беріп келеді. Нақты әлеуметтік өмір мен тәжірибиеде патриотизмнің негізгі көзінің бірегейі ретінде тарихи жады ерекше орын алады. Тарихи жадының әлеуметтік құрастырушы рөлі тұрғындар ортақ тарих, өткеннің қайғылы немесе мақтанарлық беттері арқылы ұлттық идентификациясына және тұлғаның азаматтық ұстанымдарына ықпал етеді. Тарихи сана мен патриотизмнің педагогикалық қыры-оның білім беру жүйесі арқылы қарастырылуында. Ұрпақтардың ортақ жадысы-қоғам, әлеуметтік топтардың бірлігінің, өзара көмек көрсетудің негізі. Тарихи жадының бұзылуы тұлғаның әлеуметтенуіне кері әсер етсе, ол өз кезегінде қоғамның біртұтастығына теріс ықпал етеді. Студенттердің білім алу барысындағы жинақталған құзыреттіліктер кешені олардың өмірлік жағдаяттар мен кәсіби әрекеті барысында көрініс береді. Философия, дінтану, саясаттану, әлеуметтану және өзге де гуманитарлық оқу пәндері студенттердің дүниетанымдарының ғылыми негіздемесі ретінде олардың тарихи санасын байытушы және патриоттық тәрбие беру көзі ретінде инновациялық шекарасыз әлемде олардың өзіндік ұлттық болмысын жоғалтпауларына, радикалды идеологияларға қарсы тұруына және жаһандық мәдени коммуникациясына позитивті ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Callan E (1994) Beyond sentimental civic education. *American Journal of Education* 102(2): 190–221. <https://doi.org/10.1086/444064>
2. Joel Westheimer. Politics and Patriotism in Education. <https://www.democraticdialogue.com/DDpdfs/PDKWestheimer.pdf>
3. Brighouse H (1996) Against nationalism. In: Couture J and Seymour M (eds) *Rethinking Nationalism*. Calgary, AB, Canada: The University of Calgary Press, 365–406. <https://doi.org/10.1080/00455091.1997.10716822>
4. Brighouse H (2003) Should we teach patriotic history? In: McDonough K and Feinberg W (eds) *Citizenship and Education in Liberal-Democratic Societies: Teaching for Cosmopolitan Values and Collective Identities*. Oxford: Oxford University Press, doi: 10.1093/0199253668.001.0001 doi:10.1093/0199253668.003.0007
5. Callan E (2010) The better angels of our nature: patriotism and dirty hands. *Journal of Political Philosophy* 18(3): 249–270. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9760.2009.00352.x>
6. Is Patriotism Good for Democracy? A Study of High School Seniors' Patriotic Commitments. By Joseph Kahne and Ellen Middaugh, April, 2006// Электронды көз: <https://www.democraticdialogue.com/DDpdfs/PDKKahne&Middaugh.pdf>
7. William Damon, "What Schools Should Do to Prepare Students for Democracy," paper presented at a meeting on "Youth and Civic Engagement," sponsored by the Center for Information and Research on Learning and

Citizenship, Washington, D.C., March

2005.<https://civicyouth.org/PopUps/WorkingPapers/WP45LevineYouniss.pdf#page=7>

8. 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы

9. Постников П.Г. Дидактика истории (на пути к профессиональному мастерству). Учебное пособие. Нижний Тагил. 2003 [электронды ресурс: <http://uchebana5.ru/cont/2199224-p27.html>]

10. Мищенко Л.И. Патриотическое воспитание младших школьников: дисс. ...канд.пед. наук. М., 1982. – 208 с.

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ КАК ИСТОЧНИК ПАТРИОТИЗМА В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН

Т.Т. Кудгельдин¹, Е.А. Абылкасымов²

¹ докторант специальности 6D010300-Педагогика и психология

² PhD (педагогика)

¹ Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, Семей, Казахстан

² Государственный университет имени Шакарима города Семей, Казахстан
email: kudageldin@gmail.com

В статье обозначена взаимосвязь и состояние исторической памяти патриотизма. Также рассматривается важность исторической памяти для консолидации общества и авторы поднимают актуальную проблему места исторической памяти в системе формирования патриотического сознания через обучение. В статье подчеркнута основные педагогические подходы которые используются в современной теории в педагогике памяти в рамках социально-гуманитарного знания. Достижение поставленной цели предполагает решение взаимосвязанных задач: раскрыть сущность исторической памяти как важнейшего компонента патриотизма. Авторы не претендуют на полноту освещения рассматриваемой проблемы.

Ключевые слова: историческая память; патриотизм; культурная идентичность; образы прошлого; историческое знание

HISTORICAL MEMORY AS A SOURCE OF PATRIOTISM IN THE PROCESS OF THE SOCIAL AND HUMANITIES STUDY

T.T. Kudageldin¹, E.A. Abylkassymov²

¹ Doctoral student of the specialty 6D010300-Pedagogy and Psychology

² PhD (Education)

¹ Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey, Kazakhstan

² Semey State University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan
email: kudageldin@gmail.com

The article outlines the relationship and state of the historical memory of patriotism. The importance of historical memory for the consolidation of society is also considered, and the authors raise the actual problem of the place of historical memory in the system of formation of patriotic consciousness through education. The article emphasizes the basic pedagogical approaches that are used in modern theory in the memory pedagogy in the framework of socio-humanitarian knowledge. Achieving this goal involves solving interrelated tasks: to reveal the essence of historical memory as the most important constituent element of patriotism. The authors do not claim to be fully covered in this problem.

Key words: historical memory; patriotism; cultural identity; images of the past; historical knowledge

Редакцияға 22.08.2019 қабылданды